

|   |  |
|---|--|
| «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік             |  |
| корпорациясының коммерциялық өмес акционерлік         |  |
| қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының          |  |
| Павлодар аудандық тіркеу және жер кадастры болмы      |  |
| <b>ЗАНДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА<br/>ЖУРГІЗІЛДІ</b> |  |
| БСН 600890070213                                      |  |
| № 1-995-10-Н00-177                                    |  |
| Бастапқы тәрілген күн<br>20 ж «04» 08                 |  |

Павлодар облысы қаржы  
басқармасының  
2021 жылғы «5» күйең  
№ 1 бұйрығымен  
бекітілген

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім  
беру бөлімінің «Ямышев сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорнының  
жарғысы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Ямышев сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны(бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Павлодар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі №163/4 «Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Ямышев балалар бақшасы», Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№1 Чернорецк балалар бақшасы», Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№2 Чернорецк балалар бақшасы», мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорындарын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды, Павлодар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 тамыздағы №274/8 «Павлодар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі «Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Ямышев балалар бақшасы», Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№1 Чернорецк балалар бақшасы», Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№2 Чернорецк балалар бақшасы», мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорындарын құру туралы» № 163/4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы», Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№ 2 Чернорецк балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының атауы Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№2 Чернорецк сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны атауына өзгертілсін. Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 мамырдағы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» №238/5 қаулысына, сәйкес құрылды Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «№2 Чернорецк сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны Павлодар ауданы әкімдігі Павлодар ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімі аппаратының «Балбебек сәбилер бақшасы»

мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны болып қаулысына сәйкес атауы өзгертілді, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 276/5 қаулысына сәйкес атауы өзгертілді.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты коммуналдық мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жергілікті атқарушы орган – Павлодар облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқару органды) болып табылады.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар ауданы білім беру бөлімінің «Ямышев сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорынның орыс тіліндегі атауы: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ямышевский ясли-сад» отдела образования Павлодарского района, управления образования Павлодарской области .

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140914, Павлодар ауданы, Новоямышево ауылы, Д. Кунаев көшесі, 1.

## **2. Кәсіпорынның занды мәртебесі**

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын занды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

## **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) балаларды тәрбиелеудің, оқытудың, дамытудың және сауықтырудың бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеу.

15. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасасылған мәмілесі облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын басқару органдың немесе атқарушы органдың, жергілікті атқарушы органдың не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4. Иске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі**

17. Кәсіпорын Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын іске асырады.

#### **5. Білім беру үйымына қабылдау тәртібі, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері мен тәртібі**

18. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынға қабылдау «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

19. Тәрбиеленушінің мектепке дейінгі үйымдағы орны келесі жағдайларда сақталады:

1) тәрбиеленушінің денсаулық сақтау, білім беру үйымдарында және өзге де үйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе занды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңіне.

20. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі үйымнан шығару келесі жағдайларда жүргізледі:

1) мектепке дейінгі үйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де занды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткен жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда.

## **6. Білім беру процесін үйымдастыру тәртібі**

**(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің сабак режимі)**

21. Білім беру процесінің қатысуышылары тәрбиеленушілер, тәрбиеленушілердің занды өкілдері, педагогтар болып табылады.

22. Мектепке дейінгі үйымдағы білім беру процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖБС) негізінде әзірленген Үлгілік жоспарларға және Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі үйымның жарғысында айқындалады.

23. Мектепке дейінгі үйымдардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезінде МЖБС талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру процесін үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

24. Кәсіпорын білім беру процесін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде мемлекеттік тілде жүзеге асырады.

25. Тәрбиеленушілердің сабак режимі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдарына сәйкес белгіленеді.

26. Балалардың дамуын бағалау жүйесі білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Мектепке дейінгі үйымдардың педагогтері жыл сайын медициналық тексеруден өтеді.

## **7. Ақылы қызмет көрсету тәртібі**

28. Кәсіпорын осы кәсіпорынмен қамтылмаған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін жұмыс күндері және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді.

29. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құралдар сатып алуға, тиісті даму ортасын құруға жұмсалады.

## **8. Білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі**

30.Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі.

31. Тәрбиеленушінің, ата-ананың және кәсіпорын қызметкерлерінің қарым-қатынасы ынтымақтастық, білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

32.Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері тәрбиеленушілердің жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтарына және кажеттіліктеріне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты шеңберінде сапалы білім алуға, дамудың бұзылуын түзетуге және әлеуметтік бейімделуге, медициналық бақылауға, сондай-ақ қарауға, күтіп-бағуға және сауықтыруға, оның ішінде бір жастан 1-сыныпқа қабылданғанға дейін инклузивті білім алуға құқылы.

33. Кәмелетке толмаган балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері:

1) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі арқылы Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;

2) өз балаларын тәрбиелеу мен оқытуға, күтіп-бағу жағдайларына қатысты Кәсіпорыннан ақпарат алуға;

3) балаларды оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;

4) балаларының шарттық негізде қосымша ақылы білім беру қызметтерін алына;

5) біржақты тәртіппен шартты бұзуға құқылы.

34. Ата-аналар мен заңды өкілдер:

1) өз баласының денсаулығына қамкорлық жасауға;

2) өз баласын тәрбиелеуге;

3) оның тәндік, психикалық, адамгершілік және рухани дамуы үшін кажетті өмір сұру жағдайларын қамтамасыз етуге;

- 4) баланың міндепті мектепалды даярлық алуын қамтамасыз етуге;
- 5) шарт талаптарын сақтауға міндепті.

## **9. Кәсіпорынды басқару**

35. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;
- 3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;
- 4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 6) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36. Басқару органы Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта үйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітуге енгізеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастама жасайды;
- 3) қызметтің басым бағыттарын және кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндепті көлемдерін айқындауды;
- 4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 6) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;
- 7) кәсіпорын мүлкін есепке алуды үйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 8) Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;
- 9) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

37. Кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.

38. Басқару органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

39. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу қолданыстағы заңнамада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Кәсіпорын басшысы кәсіпорында сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

41. Егер осы Занда және Кәсіпорын жарғысында өзгеше көзделмесе, кәсіпорын басшысы дара басшылық қагидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметтің барлық мәселелерін Занда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

42. Мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның басшысы жауапты болады.

43. Басшы:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндепті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

Басшының ұсынымы бойынша Басқару органы лауазымға тағайындастын немесе лауазымнан босататын кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатуrases осы Жарғыда белгіленеді.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Келесіге:

- Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына;

- таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармауға жауапты болады.

11) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің басшысын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

44. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Қесіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

45. Қесіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

46. Қесіпорын мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

47. Қесіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

## **10. Қесіпорынның мүлкі**

48. Қесіпорынның мүлкін құны оның балансында көрсетіletін Қесіпорынның активтері құрайды.

49. Қесіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және, салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Қесіпорын қызметкерлерінің арасында бөліне алмайды.

50. Қесіпорынның мүлкікелесіден:

1) оған меншік иесі берген мүлікті;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда құралады);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

51. Қесіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана бола алады.

52. Егер осы жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қарама-қайшы келмесе, жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

53. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Қесіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Қесіпорынның жедел басқаруына туследі.

54. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекітіп берген кезде туындайды.

55. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

56. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 57, 58-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган қазыналық кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрган басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

58. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде жергілікті атқарушы орган қазыналық кәсіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны ұстau және сактауды қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқылы.

59. Кәсіпорын Басқару органдарының ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органдарын жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға құқылы;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

60. Осы Жарғының 55-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жедел басқару құқығындағы кәсіпорын өзіне бекітілген, негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органдарын жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

61. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## **11. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру**

62. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

63. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

64. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатады.

65. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын жергілікті аткаруышы орган белгілейді.

66. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады.

Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

## **12. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

67. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

## **13. Кәсіпорынның есебі және есептілігі**

68. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Басқару органымен келісім бойынша Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

69. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

## **14. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

70. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы занды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

71. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумактық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

## **15. Кәсіпорын қызметкерлеріне енбекақы төлеу**

72. Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органды белгілейді.

73. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне енбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

## **16. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

74. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

75. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қарама-қайшы келмеуі тиіс.

## **17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

76. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

77. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

78. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

79. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

## **18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

80. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы органдар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге үәкілетті атқарушы орган осыған үәкілеттік береді.

Басшы м. а

Г.Карамбаева